

# Міне, ауыл осындай болуы керек!



Аудан әкімінің ауылдарды аралау сапары келесі кезекте Изенді ауылына болды. Оның езіндік себебі бар болатын. Нағыз қазақ ырымшыл халық қой, сондықтан да аудан әкімінің осы ауылға сапарын ауылдағы игі істермен сәйкестендіріп, құтты қонақ келсе, қой егіз табады дегендей, Қанат Жариясұлы сол күні шаруашылық есебінен салынған интернат үйін пайдалануға берді. Интернат үйінің салтанатты ашылуында ауылдықтарды осындай айтулы жаңалықпен құттықтай отырып, Серік Жаманқұллы езінгі шаруашылық басшысына ризалығын былай деп білдірді:

- Елбасымыз өзінгі халыққа Жолдауында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін күшейту туралы тапсырма берген болатын. Міне, бүгін біз осы тапсырманың нақты орындалуын керіп отырмыз. Бұған дейін де ауылдарыңызда бірнеше нысандар салынған екен. Шалғайда екі бөлімшелеріңіз бар екен, сондықтан, әрине, бұл сол бөлімшеде тұратын халықтың қамы үшін жасалып отырған қамқорлық. Қазіргі кезде нарық қыспағына шыдай алмай кейбір үлкен ауылдар тарап жатқанда, бөлімшелерді сақтап қалам деп тістей қатып, жан ұшырып жүрген басшыларыңыз Қанаттың азаматтығы,- дей келе Қанат Жариясұлына аудан әкімінің Құрмет грамотасын тапсырды. Қанаттай азаматы бар ел ешқашан да тозбайды, тек озады,- деді аудан әкімі.

Одан кейін ата аналар атынан сөз алған Исатова шаруашылық басшысына ризалығын білдірді, енді біз алаңсыз боламыз, балаларымыздың жататын жері жылы, қарындары тоқ.

Өз кезегінде Қанат Жариясұлы: бұл - көптен ойымда жүрген мәселе еді, бөлімшелерді аралаған сайын, осы кісілердің балаларының жағ-

дайы болмай жүр-ау деп өзімді кінәлі кісідей санап жүруші едім, енді бір міндетімді орындадым, көңілім орнына түсті,- деді.

Интернат үйінің лентасын аудан әкімі С.Шайдаров пен осы ғимаратты салуға басшылық еткен Таңатар Отарбаев кесті, әжелер шашуларын шашқан соң ішіне ендік.

Интернат қазіргі заман талабына сай: жататын бөлме, асхана, демалатын бөлме бар. Бәрі де қажет жиназдармен, құрал жабдықтармен толық қамтылған. Демалатын бөлмеде түрлі түсті теледидар, кіре берістен бастап кілемшелер төселген, балаларға өз үйінде сезінетіндей жағдайлар жасалған.



Одан кейін ауылды аралаған аудан әкімі ауданда теңдесі жоқ «Ақбота» балалар алаңын, «Кел, билейік кетпе менің қасыман» деп жастарды биге шақырып тұрған би алаңын, Бақтияр Артаев атындағы

спорт кешенін, орта мектепті, кітапхананы аралады. Бәрі де өте жоғары талғаммен жасалған екен, ауыл таза, абаттандыру жұмысы жақсы дәрежеде жүргізілген,- деп ризалығын білдірді. Ал Қарағанды облысының 70 жылдық мерейтойына тарту етілген халыққа тұрмыстық қызмет көрсету орталығында болғанда «бұл нағыз ЦОН ғой» деп баға берді.

Сол күні жеке кәсіпкер Нәсіп Шынтабайқызы да ауыл тұрғындарын тағы бір қуанышқа кенелтті. Өзінің жаз бойғы еңбегінің жемісі «Наубайхананы» пайдалануға берді. Қазіргі заманда нан бағасы күннен күнге шарықтап тұрғанда бұл - ауылдықтар үшін өте пайдалы. Нан бағасы 40 теңге. Наубайхана лентасы кесіліп, шашулар шашылды. Жалпы құны 7,6 млн теңге көлемінде қаржы жұмсалған наубайхана 4-5 адамды жұмыспен қамтып отыр. Нан пісіруші Майдагүл Ибрайбекова былай дейді:

-Күніне 200-250 бөлке нан пісіреміз. Халық талап өкетеді, алдағы уақытта тоқаштар және тапсырыс бойынша торт т.б нан түрлерін пісіретін боламыз,-деді.

Адал нан тапсаң егер, ел-ананың Алғысын алуға, дос, жарғының.

Туған жер топырағын жарып шыққан

Сүйемін ез аулымның қара нанын деп маңдайшасына жазылған мына сөздердің өзінде қанша терең мағына жатыр!

Міне, Изендідегі игі істер осындай көңіл толарлық, қуанарлық. Әр ауыл-

да осындай жағымды жаңалықтар бола берсе, еліміздің қарыштап алға дамуына қосылар үлес те қомақты болмақ.

Суретте: интернат үйінің ашылуынан көріністер.